



Қазақстан Республикасы
Президентінің Іс басқармасы
Медициналық орталығының
«Санитариялық-эпидемиологиялық
сараптама орталығы»
директорының
2024 жылғы «17» 10
№ 170-0 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

БІЛІКТІЛІКТІ ТЕКСЕРУ ПРОВАЙДЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІКТІ ТЕКСЕРУ БОЙЫНША ЕСЕПТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

САЯСАТЫ

II – 10

Келісілді:

Лауазымы

Директордың ұйымдастыру-өндірістік
қызмет жөніндегі орынбасары

Зертханалық зерттеулердің сапа
менеджменті департаментінің
директоры

Өзірлеген

Аты-жөні

Г.Е. Нусупбаева

Қолы

Күні

16.10.24

А.А. Раймбекова

16.10.24

Сапа жөніндегі менеджер

Д.С. Мукитанов

16.10.24

Астана қаласы



Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының «Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталығы»РМК (бұдан әрі – Кәсіпорын) біліктілікті тексеру провайдерінің (бұдан әрі – БТП) қызметтерін көрсету кезінде біліктілікті тексеру жөніндегі есептерді пайдалану жөніндегі саясатты жүргізеді.

Кәсіпорынның БТП біліктілікті тексеру жөніндегі есептерді пайдалану жөніндегі осы саясатты іске асыру кезінде мынадай ережелерді басшылыққа алады:

- біліктілікті тексеру бағдарламасы бойынша зертханааралық салыстыру нәтижелері бойынша есептерде БТ бағдарламаларына қатысушылардың нәтижелерін сәйкестендіруді БТ бағдарламасының нақты турын өткізу процесіне ғана тартылған Кәсіпорынның БТП персоналы ғана оларды шифрлау жолымен орындайды;

- БТ бағдарламасының әрбір қатысушысы біліктілікті тексеру бағдарламасы бойынша зертханааралық салыстыру нәтижелері бойынша есеп, біліктілікті тексеру бағдарламасы бойынша зертханааралық салыстыруға қатысу туралы куәлік, біліктілікті тексеру бағдарламасы бойынша зертханааралық салыстыруға қатысу туралы қорытынды алады;

- Кәсіпорынның БТП біліктілігін тексеру бағдарламасы бойынша зертханааралық салыстыру нәтижелері бойынша әрбір есепте БТ бағдарламаларына қатысушылардың нәтижелерінің ашықтық дәрежесі, есептерді тарату нысандары және Кәсіпорынның БТП ақпараттың құпиялылығын сақтау жөніндегі міндеттемелер көрсетіледі;

- біліктілікті тексеру бағдарламасы бойынша зертханааралық салыстыру нәтижелері бойынша түпкілікті есептерді және оларға қоса берілетін құжаттарды өтініш берушілер (тапсырыс берушілер мен БТ бағдарламаларына қатысушылар) еркін пайдалана алады;

- Кәсіпорынның БТП Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында белгіленген жағдайларда және/немесе оның сұрау салуы бойынша БТ бағдарламасының нақты қатысушысы үшін тур нәтижелерінің ашықтық (құпиялылық) дәрежесін өзгерте алады;

- Қазақстан Республикасының бақылаушы және/немесе қадағалау органдарының талап етуі бойынша Кәсіпорынның БТП біліктілікті тексеру нәтижелері бар есептерді немесе БТ бағдарламаларының жекелеген қатысушылары бойынша ақпаратты ұсынуға міндетті болған жағдайларда, Кәсіпорынның БТП бұл туралы өтініш берушілерді (БТ бағдарламаларының тапсырыс берушілері мен қатысушыларын)ресми түрде хабардар етеді;

- егер Кәсіпорынның БТП қатысу немесе жұмыс істеу сипаттамалары туралы ресми жиынтық есептерді шығару туралы шешім қабылдаса, онда қамтылған ақпарат дұрыс түсіндіру үшін жеткілікті болады;

- қатысу немесе жұмыс істеу сипаттамалары туралы жиынтық есептерге енгізілген барлық ақпарат иесіздендірілген, қатысушылар салалық белгілері, көрсеткіштері және т. б. бойынша иесіздендірілген жүйеленген болуы мүмкін.

Кәсіпорынның БТП басшылығы мен персоналы біліктілікті тексеру жөніндегі есептерді пайдалану жөніндегі осы Саясатпен және Кәсіпорынның БТП сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасын құрайтын бекітілген саясаттар мен рәсімдермен танысқан және жұмыста басшылыққа алады.

Құжаттың соңы